

**«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы
бойынша білім бөлімі Сабынды ауылының Үсенов атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінде 2023 - 2024 оқу жылындағы
үйірмелер жұмысын жылдық есебі**

Жоғарыда аталған мектепте барлығы 18 үйірме жұмыс жасайды. Оның ішінде пәндер бойынша 10, әртүрлі үйірмелер 8. Қатысатын оқушылар саны 264.

Бірінші сынып оқушылары үшін «Логика әлемі» оқушылардың қызығушылығын арттырып, ой өрісін дамытады. Ал екінші сыныптар үшін «Көркем жазу», «Логика әлемі» өте әсерлі және пайдалы. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытып қана қоймай күнделікті тіршілікке де пайдалана алатынына көзіміз жетті. Үшінші сыныптар үшін «Абайтану» атты үйірмелерде оқушылардың сөз байлығын арттырып, сөздік қорын кеңейтеді, Оқушылар тек қана пәнге қатысты үйірмелермен ғана шектеліп қоймай қимыл қозғалыс үйірмелермен де айналысады. Айта кететін болсақ «Алтын ине», «Робототехника», «Бес асық», «Баскетбол», «Волейбол», «Асық ату» атты үйірмелер балалардың ой қозғау және ми қабілеттерінің дамуына, сымбаттылық пен сұлулыққа тәрбиелей алатынымызға сөз жоқ.

«Домбыра үйренейік» атты үйірмелер біздің мектебіміздің мәртебесін көкке көтеріп тұрған десек болады. Оқушыларымыздың өнеріне таңдай тақпайтын адам кемде - кем деп айта аламыз. Әрқашан да өнерлері өрге жүзсін демекпіз.

Сол сияқты «Жас қозғалыс инспекторы» үйірмесіне де оқушылар белсене қатысады. Жол ережесін жетік меңгерген оқушылар сауалнамаларға еш жаңылмастан жауап береді. Сонымен осы аталған үйірмелерге белсене қатысып ат салысып жатқан оқушылар біздің болашақ ұрпақтарымыз. Олардың саналы да сапалы, білімді де тәрбиелі ұрпақ болуына үлкен үлестерін қосып жатқан ұстаздардың еңбегін қалай атап кетпеске болады. Еңбектері жанып, оқушыларымен үлкен жетістікке жете берсін деген ниетіміз бар.

Үйірме жұмыстарының тиімді өтуіне көбіне көп шеберхананың материалдық-техникалық базасы мен мұғалімнің әдіскерлік жағдайдағы сапалы даярлығы өте маңызды. Дайындықсыз өтілетін сабақтарға оқушының қызығушылығы бірінші күні-ақ төмендеп кетеді. Оқушылардың өз бетімен бос жүрісі көбейеді. Берілген жүктеме болмағандықтан, олардың түрлі әрекеттермен іс-қимыл көрсеткіштерінің сапасы болмайды. Осыдан жасалатын қорытынды және мұғалімге қойылатын басты талап жан-жақты талап.

Қорыта келе 2023-2024 жылы үйірмелер бойынша жоспарланған жұмыстар мақсатына жетіп, келесі оқу жылына болжамдар жасалды.

Жауапты:  Галина С.Ж.